

ПРИОЗЁРСКИЙ

№ 19/455
13 мая 2016 года

Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

ОТМЕЧАЯ ГОДОВЩИНУ ПОБЕДЫ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ

9-мая 2016 года. 10.00 часов утра. Центральная площадь города Приозёрск. На площади, как всегда, многолюдно и очень торжественно.



Жители и гости города пришли посмотреть на военный парад в честь 71-годовщины Великой победы в Великой Отечественной войне.

Нелегко досталась Великая Победа советскому народу. В неимоверно трудных условиях, совместными усилиями братских республик, ковалась она долгих четыре года. Дорогую цену заплатили наши отцы и деды, матери и бабушки за то, чтобы мы - их потомки, сегодня могли жить в мире и



достатке. В годы войны 500 казахстанцев стали Героями Советского Союза, более 100 - полными кавалерами ордена Славы, четверо были дважды удостоены звания Героя Советского Союза. Это - Талгат Бегельдинов, Леонид Беда, Иван Павлов и Сергей Луганский.

Память народа свято хранит имена Бауыржана Момышулы,

Али Молдагулово, Маншук Маметовой,

Толегена Токтарова, Нуркена Абдирова и других отважных героев войны. Их великий подвиг навсегда вписан в Историю, он всегда будет жить в сердцах казахстанцев.



Построены личные составы Приозёрского гарнизона Вооружённых сил Республики Казахстан и дислоцированных на территории города Приозёрск войсковых частей Министерства обороны Российской Федерации. Торжественное мероприятие началось с исполнения гимнов двух дружественных государств.

С поздравительной речью обращается к присутствующим аким города Камзин К.А. Отдавая дань подвигу воинов, торжественной «минутой молчания» присутствующие почтили память погибших на войне.

С поздравительными речами выступили командиры войсковых частей, почетные граждане города. По традиции, памятные венки были возложены к памятнику воинов, погибших на полях Великой Отечественной войны.

Звучит музыка. Открывая военный парад в торжественном марше, чеканя шаг,

проходит стройными рядами личный состав войсковых частей МО Российской



Федерации и Республики Казахстан. Завершается парад демонстрацией боевых навыков казахстанскими военнослужащими.

Торжественное мероприятие продолжили спортивные состязания. Вниманию жителей был представлен концерт, звучали песни военных лет, работала праздничная выездная торговля.

Б. Алшынбекулы



«МӘҢГІЛІК ПОЛК» ШЕРУІ

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 71 жыл толуына байланысты биыл да қаламызда екінші рет «Мәңгілік полк» шеруі болып өтті. Жеңіс жолында миллиондаған адам құрбан болып, біз бұл жеңісті қимас боздақтарымыздың, әкелеріміз бен аталарымыздың, әжелеріміз бен апаларымыздың өмірімен өтедік. Жеңімпаз-майдагерлер туралы естелікті сақтау үшін олардың туған туыстары полк легіне болды. Бүгінгі «Мәңгілік полк» қатарынан орын алған әр сарбаз бен офицердің тарихы - ұрпақтарының игілігі. Жеңіс үшін жанын берген адамдар туралы естелікті құрмет тұтатын жандардың барлығы осы полктың қатарында тұрды. Олар - Ұлы Отан соғысына қатысқан майдагерлердің, соғыста із-түссіз кеткен немесе майдан даласында опат болған аталарымыздың және соғыс кезінде тылда аянбай еңбек еткен ардагерлердің ұрпақтары.

Қалың көпшіліктің құлағын жарған атакты Левитанның соғыс басталғаны туралы қаралы хабары жарияланған соң, әйгілі «Священная война» әні орындалды. Тарихта Ұлы Отан соғысындай қасіретті соғыс болған емес. Соғыста 27 миллионнан астам кеңес адамы қаза тапты. Соның ішінде 410 мыңы қазақстандықтар болатын. 558 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атанды, ал оның ішінде қазақ азаматтар да аз емес еді. Қасиетті де қастерлі Отан үшін жанын пидә еткен шейіттерді жыл сайын еске алып, олардың рухына тағзым ету - біздің, кейінгі ұрпақтың ең басты парызы. Сондықтан жиылғандар 1 минут үнсіздікпен боздақтарды еске алды.

(соны 2 бет.)

9-мая текущего года, по доброй установившейся традиции, в городе Приозёрске прошло чествование ветеранов-участников Великой Отечественной войны.



Аким города Приозёрск Камзин Кайрат Амангельдиевич, с участием командиров войсковых частей МО Казахстана и МО Российской Федерации, представители городского филиала партии Нұр-Отан, приятный и организации города поздравили участников войны, проживающих в городе Приозёрск - Удилова Георгия Ивановича, Морозова Ивана Павловича и Кубееву Аймереке Латиповну.

Как и по всей стране, в годов-

щину Великой Отечественной войны, в адрес этих простых, но мужественных людей, сполна выполнивших свой воинский и гражданский

долг перед Отечеством звучали искренние слова благодарности и признания за неоценимый вклад в дело победы над фашизмом. С каждым годом ряды ветеранов становятся всё реже и потому на нас, их потомках лежит ответственность за то, чтобы подвиги



их не канули в лету и Великая Победа не была предана забвению.

Ветеранам войны были вручены цветы, денежные и ценные подарки. В свою очередь ветераны войны рассказали о трудных годах войны, выразили благодарность всем поздравляющим и дали им свои благословения и свои наставления молодым воинам.

Здоровья, благополучия и долгой лет счастливой жизни вам, дорогие наши ветераны!

Б. Алшынбекулы

ЧЕСТВОВАНИЕ ВЕТЕРАНОВ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ

«МӘҢГІЛІК ПОЛК» ШЕРУІ

(соңы жалғасы 2 бет.)

Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен елордамыздың гүлденуі де сұрапыл соғыста жанқиярлықпен шайқасқан, болашақ ұрпағы үшін опат болған әкелеріміздің, аталарымыздың жан қиярлық ерлігі. «Мәңгілік полк» түзелуі жайлы бұйрық берілген соң, тулар мен майдангерлердің бейнелерін көтерген полк сапмен алға жылжыды. Сапты қала әкімдігі қызметкерлері бастап, ізінен қаладаға барша кәсіпорын,



мекеме, ұйым, мектептер мен балабақшалар, ардагерлер, ҚР және РФ ҚК әскери бөлімдері және жастар ұйымының мүшелері т.б. топтар ерді. Рейхстаг терезелерінің біріне алғашқылардың бірі болып алқызыл жеңіс жалауын тіккен Рақымжан Қошқарбаев оның досы Григорий Булатовтың есімдері аталды. Бұл атаулар

есінде. Ротаның саяси жетекшісі Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин басқарған автоматшылар тобы жау танкісін жойып, өз бөлімшелерін қоршаудан алып шықты. Төрт қазақстандық ұшқыш - Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский Кеңес Одағының Батыры атағына екі рет ие болды. Әрқайсысы 200-ден астам ұшу сапарына шығып, 10-нан астам жау ұшағын, көптеген соғыс техникасын, 100-ден фашистерді жойды. Ардагерлеріміздің Отан мен туған жердің намысын ойлап, майданда қан кешкен ерліктері ел жүрегіне мәңгілікке қалатыны осы шарада нақты көрініс берді.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, казак пен украин... жалпы Кеңестер Одағына біріккен барша ұлттар қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жергөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырым-

дап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жергөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырым-



28 панфиловшылардың сапынан Кеңес Одағының Батыры атағын алған Николай Ананьев, Григорий Безродных, Николай Белашев, Яков Бондаренко, Илларион Васильев, Иван Добробабин, Петр Дутов, Петр Емцов, Нарсұтбай Есболатов, Дмитрий Калейников, Василий Ключков, Абрам Крючков, Григорий Конкин, Әлиаскар Қожабергенов, Әлікбай Қосаев, Николай Максимов, Гавриил Митин, Никита Митченко, Иван Москаленко, Иван Натаров, Григорий Петренко, Мұсабек Сенгірбаев, Дмитрий Тимофеев, Николай Трофимов, Иван Шадрин, Иван Шепетков, Григорий Шемякин, Дүйшөнкул Шопоковтердің есімдерімен жалғасты.

Аға ұрпақ алып берген Жеңіс бүгінгі күні де

ды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Осы соғыста партизандар құрамында болып, ерліктің ерекше үлгісін көрсеткен балалар Марат Казей, Зина Портнова, Валя Котик және Леня Голиковтардың ең жас Кеңес Одағының Батырлары екендігі тілге тиек етілді.

Приозерск орталық ауруханасының мәңгілік полк сабында Совет Одағының батырларына, қазақтың біртуар ұлдарына құрмет көрсетілді. Олар: Досмухамбетов Абу, Есеболатов Нарсұлтан, Қосаев Әлікбай, Иван Шадрин, Айтықов Ізхұтты, Камзин Қанап, Мамыраев Мартбек, Қайырбаев Кеңес, Ғабдуллин Мәлік,



бізді жетістіктерге жігерлендіреді, жанымызға қуат береді, қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуымызға көмектеседі. Отан үшін от кешкен майдангерлердің көрсеткен өшпес ерлігін, қармандық өнегесін жас ұрпақ бойында қалыптастыру ең басты мақсатымыз. Бұл сапта да өшпес даңқы бар мәңгілік полк сарбаздарына лайықты құрмет көрсетілуде. Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап-ақ қатарында мыңдаған қазақстандықтар шайқасқан кеңес жауынгерлері барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы кескілескен ұрыс жүргізді. Москва үшін шайқаста Кеңес Одағының батыры, қазақтың біртуар қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы Отан үшін отқа түсіп, жаумен жан аямай шайқасты. Бородино селосында неміс бөлімінің штабына басып кіріп, 5 неміс офицерінің көзін жойған Кеңес Одағының батыры Төлеген Токтаровтың ерлігі жауынгерлердің

Имашев Мәлік, Парадович Александр, Сенгірбаев Мұсабек, Төлеген Токтаров және қазақтан шыққан тұңғыш ұшқыш қыз, Халық Қаһарманы Хиуза Доспановалар еді. Бірінің соңынан бірі ілескен «Мәңгілік полк» шеруінде Ұлы Отан соғысында ерлік пен еңбектің үлгісін көрсетіп, Ұлы Жеңіске үлес қосқандардың ешбірінің есімдері ескерусіз қалмады.

Адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгіс соғыс аяқталғанына 71 жыл өтті. Зарықтырып жеткен Жеңіс күнінің кәдірі бәріміз үшін аса қымбат. Сұрапыл соғыс адамзаттың жүрегіне өшпес жара салды. Ардагер көрген зұлматты сен көрген жоқсың замандас, сол үшін оны құрметте! Осылайша Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 71 жыл толуына арналған «Мәңгілік полк» шеруі үлкен әсермен аяқталды.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ

МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

9-мамырдың кешінде Ұлы Жеңістік 71 жылдық мерекесіне арналған, қала өнерпаздарының ұйымдастыруымен мерекелік концерттік бағдарлама ұсынылды.

Жеңіс деген жақсылықтың сынары, Жігерленген құштарлықтың құралы. Күрескердің арманы мен ұраны, Қуаныш пен мерекенің бұлағы...

деп басталған жүрігушілердің қала тұрғындарының құттықтауынан кейін концерттік бағдарламаның негізгі бөлімі басталып кетті. «Келешек ұрпақтың болашағы, бақыты үшін, қан төккен аталар мен апалардың даңқы еш уақытта өшпейді! Олардың рухына, қанды көйлек жолдарына, біздер тізе бүгіп, бас иеміз. Міне, бүгін біз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 71 жылдық ұлы мерекесін тойлап отырмыз. Ер жігіт етігімен су кешіп, от басқан, ат ауыздығымен су ішкен Ұлы Отан үшін жанын қиған ер жүрек батырлардың қаһармандық ісі еш уақытта ұмыт болмайды, мәңгі есте сақталды...»

деген жалынды сөзден соң, Музыкалық құттықтауы Ақбота Исмаилова «Сәлем, саған, туған елі!» әнімен бастап кетті. Бахытжан Сайырманов «Қазақстан» әнімен сахнаға шықса, қалаға белгілі әнші Гүлжиһан Урсарова өйгілі «Әлия» әнімен қала аспанын жаңғыртты. Талғат Кариков «Огонек», Исмаилова Пелагея «Смуглянка», Жансая Уракова «Кестелі орамал», Анастасия Савчук «Военное танго» әндерімен тамашағөйлерге мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Ұлы жеңіс күні құтты болсын! Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата-апаларымыз аман болсын! Еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кенпейіл Қазақ елі жасасын!.. деген ұранды сөздермен аяқталған концерттік бағдарлама соңы көпшіліктің қатысуындағы би кешіне ұласты.

Н.ӨТЕП

Әзілің жарасса?!

«ӨМІР ЖАЙЛЫ ӘЗІЛ-СЫҚАҚ, СЫНЫМЫЗ»

Жуықта дәл осындай тақырыппен қаладағы Өнер және спорт мектебінде қаладағы өнерпаздардың қатысуымен әзіл кеші болып өтті. «Кеш жарық, достар! Армысыздар, өнер сүйер қауым! «Өмір жайлы әзіл-сықақ, сынымыз» әзіл-сықақ сахналық көріністер байқауына хош келдіңіздер! Жалпы әзіл дегеніміз – бір адамның екінші адамды ұялту, сөзге тоқтату үшін айтатын ұрымтал да астарлы, көңілді де күлкілі пікірі. Сатира, юмор міні бар қоғам мүшесінің бәріне бірдей бағыттала береді. Халқымыз “Әзілің жарасса атаңмен ойна” деп әзілді кек тұтпай, қолдап отырған. Бүгінгі байқауда қаламыздың ең көңілді жандары өнер көрсетіп, өз өнерлерін сарапқа салмақ! Қатысушы топтар бірнешеу, олардың барлығы сіздердің көңілдеріңізді көтереді деген ойдамыз», - деп басталған жүргізушінің сөзінен соң, әзіл кешінің сахна шымылдығы ашылды. Сахналық қойылымдар келесі тәртіппен бағаланды:

- қойылымның ерекшелігі, режиссура;
- әзілдің ұтымдылығы;
- музыкалық сезімталдығы;
- сахналық костюмдердің болуы;
- орындау сапасы;
- актерлік және орындаушылық шеберлігі.

Қазылар алқасын таныстырып өткесін-ақ сахналық қойылып басталып кетті. Алғашқы болып «Еркедай» шағын орталығының актерлік тобы өз қойылымдарын ұсынады. Аталмыш көрініс «Биле-биле» үнді фильмдерінің желісімен қойылды.

«Тағдардың тартуы» көрінісін №2 мектеп балабақша кешенінің актерлері ұсынды. Бұдан кейінгі «Аурухана» аталған көріністі қалалық

аурухана ұжымы орындады. «Балақай» бөбекжайы «Балабақшадағы ертенгілік» атты қойылымын алып шықты. «Айналайын» бөбекжайының актерлері «Қарттар үйі – Тастанды сәби» көрінісін сахналапты.

Көріністер аяқталып, қазылар алқасы байқау қортындысын баалап болғанша, Жүсіп Еламанның орындауындағы «2030-шы жыл екен» атты әзіл әніне және Марс Сүлейменов орындаған әндерге кезек берілді.



Байқаудың қорытындысы бойыншы бірінші орынды «Еркедай» шағын орталығы жеңіп алды. Екінші және үшінші орындарды Қалалық аурухана мен «Балақай» бөбекжайы өзара бөлісті. «Актерлік шеберлігі» номинациясы бойынша «Айналайын» бөбекжайынан Марс Сүлейменов, «№2 мектеп балабақша кешенінен Еңлік Жабағиева марапатталды.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

СЦК ИНФОРМИРУЕТ ОРГАНИЗАЦИЯ ЕНТ-2016. ЧТО НОВОГО ?

13 мая 2016 года в Службе центральных коммуникаций при Президенте Республики Казахстан состоялся о подготовке к проведению ЕНТ 2016 года, которое пройдет в Республике Казахстан со 2 по 15 июня 2016 года.

С 2015 года, в аттестат зрелости выставляется составная оценка по предмету, которая выражается в сумме среднеарифметической оценки по результатам ЕНТ и годовой оценки по дисциплине. Данная аттестация позволяет отразить объективную оценку знаний выпускника, справедливо оценить работу школ, снять излишнюю психоэмоциональную нагрузку на выпускников.

МОН РК, местными исполнительными органами и госкомиссиями ПП ЕНТ создаются все условия для успешного проведения ЕНТ. Для осуществления руководства и контроля над проведением ЕНТ в ПП ЕНТ определены 1 745 представителей МОН РК (по 1 специалисту на каждую аудиторию). В областных центрах и городах Астана и Алматы для оперативного реагирования на обращения выпускников и их родителей во время проведения ЕНТ создаются штабы по координации и проведению ЕНТ. С 2015 года результаты ЕНТ являются конфиденциальной

информацией, узнать их можно только по индивидуальным идентификационным номерам (ИИН). В списках с полученными баллами фамилии заменяются цифрами ИИН. Также результаты ЕНТ будут опубликованы на сайте Национального центра тестирования www.testcenter.kz. Для доступа к сервису требуется ввести ИИН и личный код, который будет присвоен перед началом экзамена.

В текущем году впервые в целях обеспечения всех участников ЕНТ к доступу к высшему образованию предусмотрена возможность повторной пересдачи для выпускников, не преодолевших пороговые 50 баллов, на комплексном тестировании в августе 2016 г.

Пресс-служба Министерства образования и науки Республики Казахстан



ЖОБА

ПРОЕКТ

Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2016 жылға бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу көлемін бекіту туралы

Об утверждении государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размера подушевого финансирования и родительской платы в расчете на одного воспитанника на 2016 год в дошкольных организациях города Приозерск

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6 бабы 4 тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктом 8-1) пункта 4 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании», акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2016 жылға бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу көлемі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

1. Утвердить государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение, размер подушевого финансирования и родительской платы в расчете на одного воспитанника на 2016 год в дошкольных организациях города Приозерск согласно приложению.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Приозерск Казиеву Б.А.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после первого официального опубликования.

Қала әкімі

Қ. Камзин

Аким города

К. Камзин

Приозерск қаласы әкімдігінің
2016 жылғы «___» _____
№ _____ қаулысына қосымша

Приложение к постановлению
акимата города Приозерск
от «___» _____ 2016 года № _____

Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2016 жылға бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыруды және ата-ананың ақы төлеу көлемі


Государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение, размер подушевого финансирования и родительской платы в расчете на одного воспитанника на 2016 год в дошкольных организациях города Приозерск

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны	Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (тенге)	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ат-аналардың бір айға ақы төлеу мөлшері (тенге)	Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (тенге) кем емес
		Мемлекеттік	Мемлекеттік	Мемлекеттік	Мемлекеттік
1.	Балабақша	510	22888	9500	22888
2.	Мектепке дейінгі шағын орталық	130	15359	9500	15359

№	Вид дошкольной организации образования	Количество воспитанников организаций дошкольного воспитания и обучения	Размер подушевого финансирования дошкольных организаций в месяц (в тенге)	Размер родительской платы в дошкольных организациях образования в месяц (в тенге)	Средняя стоимость расходов на одного воспитанника в месяц не менее (в тенге)
		Государственный	Государственный	Государственный	Государственный
1.	Детский сад	510	22888	9500	22888
2.	Дошкольный мини-центр	130	15359	9500	15359

Ахмет Жұбановтың туғанына 110 жыл

САЗ ӨНЕРІНІҢ САҢЛАҒЫ



Жақында кытай елінің бірінші ханымы Пэн Лиюаньның орындауында Ахмет Жұбановтың «Қарлығаш» әнін танып, тұшына тандым. Пэн Лиюань әнді кытай тілінде орындағанымен, құлаққа таныс, жағымды үн арқылы мұның Ахаңның «Қарлығашы» екенін жазбай танымау мүмкін емес еді. «Музыкада тіл жоқ, ол – бар халыққа ортақ тілде сөйлейді» деген жақсы түсінік қалыптасқан. Расында, солай. Қытайдың бірінші ханымының мындаған қазақ әндерінің ішінен осы әнді тандап алуы тегін емес қой. Ахмет Жұбанов мұра етіп қалдырған әуендердің кереметтігі мен құдіреттілігі де міне, осында.

Қиын-қыстау заманда, қазақ сахарасында, қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген А.Жұбановтың қазақ мәдениетіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Ахмет Қуанұлы Жұбанов – қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер. Қазақстанның халық әртісі, өнертану ғылымының докторы, профессор, академик. Ол Ақтөбе облысы Темір ауданында 1906-жылы 29-сәуірде өмірге келген. Ахмет Қуанұлы қазақтың музыкалық мәдениетін зерттеп тануда, жорып түсіндіруде және жүйелеп насихаттауда жаңа сапалы биіктер көрініп, кезеңді мәні бар қажыр-қайрат көрсеткен тұлға. Өз кезіндегі музыкалық білім сатыларының бәрінен өткен кемел білім иесі, оған қоса Тәңірі тал бойына ғажайып қабілет пен ұлтжандылық сезімін дарытқан А.Қ.Жұбанов 1933-жылы Алматы музыкалық драма училищесіне ұстаздық қызметке келеді. Осы кезден бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін ол қазақтың музыкалық мәдениеті деген жалапылама ұғымды ұлт болмысындағы нақты категориялық мәні бар рухани құбылысқа айналдыру үшін тыным таппастан еңбек етті. Бұл ретте, Ахмет Қуанұлы адам қабілетінің қандай құдіретті болатынын нақтылы да нәтижелі істерімен көрсете алды. Оның еңбек жолы қазақ өнері мен мәдениетінің қалыптасуы, дамуы және өркендеуі жолында алтын әріптермен жазылған жемісті беттеріне айналды. Бұл кезең жаңадан қаулап пайда бола бастаған оқу, мәдени-өнер ордаларының құрылуы мен кәсіби ұжымдардың қалыптасуы кезеңі болатын. Бүгінгі таңда құрылғанына 70, 60 жыл толған республикалық деңгейдегі: Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық ұлт-аспаптар оркестрі, Жамбыл атындағы филармония, Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерватория және сол оқу орнындағы қазақтың халық аспаптар кафедрасы, Ұлттық ғылым академиясы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты құрамындағы Өнертану секторы қазақ мәдениетінің ірі қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың тікелей араласуымен және жетекшілік етуімен өмірге жолдама алған ұжымдар.

А.Жұбановтың жетекшілігімен музыкалық-драмалық техникум жанынан ашылған қазақ фольклорын ғылыми тұрғыдан зерттеу кабинеті алғаш құрылған күнінен бастап, Алматыға кең байтақ республиканың түкпір-түкпірінен жиналған өнерпаздардың орындауындағы ән-күйлерді нотаға түсіріп қор жинай бастады. Жазылып, жиналған бұл халықтың баға жетпес музыкалық байлығы халықтың өлмес мұрасы болып келер ұрпаққа қалды. Ұлттық музыка аспаптарын жетілдіру шеберханасы ұлт аспаптар оркестріне қажетті музыкалық аспаптар, домбыра мен қобыз,

өзге де халық аспаптарының үлгілерін жинап, сол үлгіде жасау және олардың сапасын жетілдіру жұмыстарын жолға қойды. Кәсіби оркестрге сапасы жоғары музыкалық аспаптар қажеттігін уақтылы түсінген сазгер бұл мәселеге де ерекше мән береді. Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің негізін қалап, көркемдік жетекшісі және бас дирижері болған А.Жұбанов дала салтында бұрын болмаған ұжымдық орындаушылық дәстүрінің негізін қалады.

Республикадағы музыкатану ілімінің негізін қалаған А.Жұбанов өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында қазақ халық композиторлық-орындаушылық мектебінің үздік өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттеді. Қазақ халқының кең тараған аспаптық және ән орындаушылық дәстүрлерінің халық жадында қалған танымал тұлғаларының шығармашылық жолына арналған «Ғасырлар пернесі» және «Замана бұлбұлдары» атты монографиялық туындылары жеке кітап болып басылып шықты. Өмірлік тақырыбына айналған «Құрманғазы» монографиясы кезінде алғашқы буын зерттеушілерден кеткен олқылықтарды жан-жақты толықтырып, ұлы күйшінің есімін биікке асқақтата көтерді. Қазақ музыкатану тарихына, қазақ даласында қалыптасқан композиторлық, орындаушылық дәстүрлер жайлы мол мағлұматтар беретін А.Жұбанов қалдырған ғылыми, публицистикалық еңбектер біздің қымбат қазыналарымыз.

Құдіретті күй өнері дегенде, бұл жанрда қайталанбас өзіндік із қалдырған Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Махамбет, Сейтек, Абыл, Дайрабай, Байсерке, Мәмен, Қазанғап, Түркеш, Тоқа, Сүгір, Дина сынды дүлдүлдер есімдері тілге алдымен оралады. Солардың ішінен күй атасы Құрманғазы есімі ерекше. Десек те, Құрманғазының ұлан-ғайыр күйлерін жинақтап, оларды ғылыми тұрғыдан зерттеп, саралап, күйшінің шығармашылық жолы жайлы салихалы пікір айтқан академик Ахмет Жұбанов болатын. Ахаңның суреткерлік арманы – қуғын-сүргінді көп көріп, бас бостандығы үшін күрескен, зор қажыр-қайрат иесі, сахараның «ең үлкен жұлдызы Құрманғазы бейнесін музыкалық театр сахна-

сына шығару болатын» дейді қызы Ғ.Жұбанова. Автор Құрманғазы өмірі мен шығармашылық жолын бүтешігесіне дейін айқын-ап, жазылатын опера кейіпкерінің өмір сүрген ортасы мен тарихи кезеңін толық меңгерді. «Дала Моцарты» Құрманғазы бейнесін толымды етіп музыкалық театр сахнасына шығаруға алғаш рет қазақтың төл музыка аспабы домбыраға арналған күйлер негізінде опера жазуды жүзеге асырды.

«Абай» қазақ опера репертуарының маңдайалды классикалық туындыларының бірегейі. Алматы қаласындағы Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театры сахнасының 62 жыл бойы маусымдық ашылуы «Абай» операсымен бастауы қазақ өнері тарихында композитор А.Жұбанов қалыптастырған дәстүрдің негізі берік қаланғандығын көрсетеді. Бұл операмен қазақ әлемге өскен өнерімен мақтанып, қазақтың бірнеше ұрпақ әншілері сахнадан қайталанбас жұлдызды сәттерін басынан өткерді. Сахнадан қолына шам алып айналасындағы қараңғылыққа жарық шашуға ұмтылған тұңғыш Абайды сомдаған Р.Абдуллиннен бастап, бүгінге дейінгі орындаушылардың бәрі де жұртын елдікке, бірлікке шақырып келеді. Ұлы Абайдың аузынан айтылар сөзі, әні, музыкасы бәрі де бүгінгі күннің тыныс-тіршілігімен терең астасып жатыр. Халқының жадында сақталып, ауызданауызға беріліп келген музыкалық мұраларын келер ұрпақ үшін тірнектеп жияптеріп, ұмытылмастай етіп хаттап кеткен А.Жұбановтың төл туындылары да сол дала абыздарының жолын жалғастырушы келешекпен байланысып жатыр.

Артында өшпестей мұра қалдырған композитор А.Жұбановтың туындылары келер ұрпағымен бірге жасап, үшінші мыңжылдыққа да аяқ басты. Мұндай құрмет, мұндай шығармашылық табыс сирек болатын құбылыс. Өзінің барлық білімі мен ақыл-ойын, күш-жігерін қазақ кәсіби музыка өнерінің дамуына сарп еткен шынайы талант иесіне берілетін халқының нақтылы бағасы да осындай болса керек.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР журналистер одағының мүшесі



Отан от басынан басталады

К сведению населения!

ҮЗДІК «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

Елбасының тікелей тапсырмасымен жүзеге аса бастаған «Мерейлі отбасы» жобасының байқаулары еліміздегі айрандай ұйып, шаңырақтың береке-бірлігін келтіріп, отбасында көп бала тәрбиелеп, оларды өсіріп-жетілдіріп, оқытып-білім беріп, қоғамға айтулы азаматтар әкелген және еліміздің экономикалық-әлеуметтік дамуына ерекше үлес қосқан, ауыл-үйге сыйлы, ел-жұртқа қалаулы, татулық пен бірлікті ту еткен отбасыларды өзгелерге үлгі-өнеге етуге бағытталған. Бұл орайда аталған жоба өз мақсатына жетіп келеді деуге толық негіз бар. «Мерейлі отбасы» байқауы өткен жылы қаламызда өткені және оған бес отбасы қатысқаны баршаға белгілі. Сол байқаудың жеңімпазы Абсаматовтар отбасы болып танылған еді. Бүгінгі әңгімімізге аталған үлкен шаңырақтың тыныс-тіршілігін арқау еткенді жөн көрдік. Бұл отбасы бүгінде 12 немере, 5 шөбере көріп отырған, тамырын тереңге жіберген алып бәйтерек іспетті.



Абсаматовтар отбасы қазіргі тіршілік етіп отырға Приозерск қаласына 1998-жылы көшіп келген. Оған дейін Мойынқұм ауданының Құм-өзек совхозында тіршілік еткен. 1998-жылы Құм-өзек совхозы тараған соң, ел қатарлы отырып тірлік етер қоныс іздеп, Приозерск қаласын таңдапты. Енді газет оқырмандарына көбірек қызықты болатын аталған отбасы мүшелерінің қысқаша өмір тарихына кезек берейік: Отағасы Есенманан Абсаматов 1945-жылғы 1-қаңтарда дүниеге келген. Жамбыл облысы Бірлік ауылының тумасы. Білімі – орта. Еңбек жолын Құм-өзек ауылында 1957-жылы бастаған Есаған, содан 1998-жылы совхоз тарағанға дейін жүргізуші қызметін атқарады. Кейіннен ауылдың жылқы шаруашылығын дамытуға қыруар еңбек сіңірген. Сол қажырлы және тынымсыз еңбектерінің көрінісі ретінде «1977-жылғы Социалистік жарыс жеңімпазы», «В.И.Лениннің 100 жылдығына орай екінің еңбегі үшін» төсбелгілерімен, «Ұлы Октябрьдің 70 жылдығын лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарыстағы жоғарғы көрсеткіштері үшін» Құрмет грамотасымен марапатталған. Қазір зейнетте болса да, қару-қуағы қайтпаған ақсақал үйде отырып қалмай, хал-қадеріне қарай таксиль қызметпен айналысып, отбасының нәпақасына үлес қосып жүр.

Жұбайы – Жайлаубаева Тоты Жайлаубайқызы Жамбыл облысы Мойынқұм ауданда дүниеге келген. Еңбек жолын 1964-жылы Мойынқұм ауданының Құм-өзек ауылында кітапхана меңгерушісі қызметінен бастапты. 1966-жылы Мойынқұм ауданының Құм-өзек совхозында сауыншы болып жұмыс істеген. 1982-жылы шаруашылық меңгерушісі қызметіне ауыстырылып, ауылдық жерлердегі әр түрлі шаруашылықты дамытуға өзінің көптеген үлесін қосты. Қазіргі таңда Тоты апай да зияткерлік демалыста. 1965-жылы отбасын құрған ардагерлерге өткен жылы мерейлі жыл болып, жұбайлық өмірлеріне 50 жыл толған. Аталмыш мерейлі мерекелерін ұрпақтарымен және жақын-жуықтарымен лайықты атап өтті.

Тұңғыш қыздары – Абсаматова (Жапарбердиева) Фатима Есенманановна 1966-жылы 20-қыркүйекте дүниеге келген. Білімі – жоғары. Ресей Федерациясының қазіргі заманғы гуманитарлық академиясын бітірген. Қазіргі кезде «Қазақтелеком» АҚ Приозерск өндірістік телекоммуникация торабында электромеханик қызметін атқарады. Жұмысына адал, ұжымда ұйымшыл, еңбеккер, еңбегінің нәтижесі ретінде Қазақстанның телекоммуникация саласына қосқан елеулі үлесі мен еңбектегі адал қызметі үшін Құрмет грамоталарымен марапатталған. Тұрмыстағы Фатима бүгінде екі баланың анасы.

Екінші қыздары Абсаматова (Ахметова) Рахима Есенманановна 1967-жылы 23-қазанда туған. Білімі жоғары, Қазақстан-Ресей университетінде экономика мамандығын оқып бітірген. Қазір «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бас есепші қызметін атқарып жүр. Еңбек жолында қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысқаны, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбектері үшін Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен, Қарағанды облысы әкімінің алғыс хатымен және жыл сайынғы Республикалық «Superбухгалтер» кәсіпкерлік байқауының финалисті ретінде дипломмен марапатталыпты. Отбасылы және бүгінде 3 баланы тәрбиелеп, 3 немере көріп отырған үлгілі отбасы.

Үшінші қыздары – Абсаматова Алмаш Есенманановна. 1971-жылы 14-қарашада дүниеге келген. Білімі жоғары, М.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ұстаздық бөлімін бітірген. Қазір Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Ертай ауылындағы М.Ғабдуллин атындағы №18 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі. Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп, 2 немере сүйіп отыр.

Төртінші қыздары Абсаматова (Нарестина) Жазира Есенманановна 1973-жылы 29-қазанда дүниеге есігін ашқан. Жазира да жоғары білімді, Ресей Федерациясының қазіргі заманғы гуманитарлық академиясын оқып бітірген. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 06708 әскери бөлімінің техникалық бөлімінің жауапты орындаушы сержанты қызметін атқаруда. Отанына деген қалтқысыз қызметі мен өз міндеттерін үздік орындағаны, жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық даярлықтағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлері бас қолбасшысы, генерал-майор М.Майкеевтің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрінің бұйрығымен III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» төсбелгісімен, сонымен қатар әскери дивизионын қоғамдық өміріне белсене атсалысқаны және мемлекеттік-құқықтық дайындықтағы жетістіктері үшін марапат қағаздарымен марапатталған. Отбасылы, бір баланың анасы.

Үлкен ұлдары – Абсаматов Сулейман Есенмананұлы 1977-жылы 1-тамызда туған. Орта білімді. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 60601 әскери бөліміндегі байланыс бөлімінің командирі, 3 сұрыпты сержант қызметін атқарады. Жұмысында абыройлы, беделді, жауапты. Қызметінде міндеттерін үлгілі орындағаны, қойылған міндеттерді орындауда көрсеткен ынта-жігеріне және 60601 әскери бөлімінің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқаны үшін ҚР ҚК қару-жарак бас басқармасының бастығы, генерал-майор А.Оспановтың марапат қағазымен, 60601 әскери бөлімінің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқаны үшін бірнеше марапат қағазымен және алғыс хаттармен, Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің бұйрығымен «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 20 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталған Үйленген. Үш баланың әкесі.

Абсаматова Ғазиза Есенманановна есімді қыздары 1983-жылы 30-қаңтарда дүниеге келген. Білімі жоғары, Қазақстан-Ресей университетін заңгер мамандығы бойынша бітірген және Қарағанды «Болашақ» университетінің магистранты. Қазіргі таңда Қарағанды қаласындағы «КаспиСтрахование» АҚ-да маман болып қызмет атқарады. Тұрмыста.

Кенже ұлдары Абсаматов Олжас Есенмананович 1984-жылы 6-наурызда дүниеге келген. Білімі орта. Бүгінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 06708 әскери бөлімінің жолдас аға жүргізуші сержанты қызметін атқарады. Қызмет жолында әскери бөлім басшыларының тапсырмаларын ерекше түрде орындап, үлгілі әскери тәртібі, өзіне тапсырылған техника мен қаруды білікті меңгергені үшін, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 20 жыл» мерекелік төсбелгісімен, «Қарулы Күштерінің ардагерлері» РҚБ Орталық Кеңесі Президиумының шешіміне сәйкес «Армия генералы С.К.Нұрмағамбетов» төсбелгісімен марапатталыпты. Олжас та отбасылы.

Бес қыз бен екі ұлды дүниеге әкеліп, оларды онегелі етіп тәрбиелеп-өсіріп, өмірлеріне лайықты білім мен мамандық әперген ата-аналарға бұдан артық бақыт бар ма?! Бақытты та-ана, ата-әже болған Есаған мен Тоты апайдың қанайлық өмірлеріне де жақсылықтар мен жеміс тілпейміз біз де өз тарапымыздан!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

ПАМЯТКА НАСЕЛЕНИЮ ПО ПРЕДУПРЕЖДЕНИЮ АКТОВ ТЕРРОРИЗМА

Будьте наблюдательны! Только вы способны своевременно обнаружить предметы и людей, посторонних в вашем подъезде, дворе, улице.

Будьте бдительны! Обращайте внимание на поведение окружающих, наличие бесхозных и не соответствующих обстановке предметов.

Обеспечьте безопасность собственного дома: установите железную дверь с домофоном в подъезде, ежедневно проверяйте закрытие подвалов, чердаков и технических помещений.

Не делайте вид, что ничего не замечаете при опасном поведении попутчиков в транспорте! Вы имеете полное право на безопасность перемещения в транспорте.

Никогда не принимайте на хранение или для передачи другому лицу предметы, даже самые безопасные.

Обнаружение подозрительного предмета в безлюдном месте не должно ослабить вашу осторожность. Злоумышленник мог попросту бросить его, испугавшись чего-либо.

Даже если у вас имеется личный опыт общения со взрывчатыми веществами, не пытайтесь прикасаться к ним. Самодельные взрыватели бывают сверхчувствительными и изощренно хитроумными.

Не приближайтесь, а тем более, не прикасайтесь к подозрительному предмету, это может стоить вам жизни.

Научите своих детей мерам безопасности: не разговаривать на улице, не садиться в машины и не открывать дверь незнакомым людям, не подбирать бесхозные игрушки, не прикасаться к находкам и т.п.

ОВПиРЯ г.Приозерск

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

Мемлекеттік қызмет алу барысында әкімшілік кедергілер орын алса, атап айтқанда: Стандартпен бекітілген құжаттардан басқа да артық құжаттар талап етілсе; Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің Стандартта бекітілген мерзімі бұзылса; Мемлекеттік қызмет көрсетуен негізсіз бас тартылса және т.б. Сіз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қарағанды облысы бойынша Департаментіне өз шағымныңызды білдіріп, құқықтарыңызды қорғай аласыз.

Қарағанды қаласы, Шахтерлер даңғылы, 64.
Тел.: 8 7212 50 40 66, 8 747 001 35 51, 8 747 001 35 47, 8 747 001 35 48

В случае возникновения административных барьеров в ходе получения государственных услуг, в том числе:

Истребования документов, не предусмотренных Стандартом государственной услуги;

Нарушения срока оказания государственной услуги, утвержденного Стандартом; Необоснованного отказа в оказании государственной услуги и т.д.

Вы можете обратиться в Департамент министерства по делам государственной службы Республики Казахстан по Карагандинской области.

Город Караганда, проспект Шахтеров, 64.
Тел.: 8 7212 50 40 66, 8 747 001 35 51, 8 747 001 35 47, 8 747 001 35 48


УВАЖАЕМЫЕ ПОТРЕБИТЕЛИ КОММУНАЛЬНЫХ УСЛУГ!

КГП «Управление жилищно-коммунального реформирования» при акимате г.Приозерск доводит до сведения потребителей коммунальных услуг о предстоящем проведении слушания по ежегодному отчету о деятельности субъекта естественной монополии по предоставлению регулируемых услуг.

Слушание состоится 24.05.2016 г. в 16:00 час. в здании Центра детско-юношеского творчества "Достык".

ЖЕРСЕРІКТІК ТЕЛЕВИЗИЯ

АКЦИЯ!
«ТОЛЫҚ» ТОПТАМАСЫНА
ҚОСЫЛ ДА,
АВТОКӨЛІК ҰТЫП АЛ!



Толығырақ:
www.otautv.kz
☎ 193, +7 (7212) 41 34 14

СПУТНИКОВОЕ ТЕЛЕВИДЕНИЕ

АКЦИЯ!
ПОДКЛЮЧАЙСЯ К
ПАКЕТУ «ПОЛНЫЙ» И
ВЫИГРАЙ АВТОМОБИЛЬ!



Подробнее:
www.otautv.kz
☎ 193, +7 (7212) 41 34 14

СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

Государственный Акт на право собственности земельного участка, право постоянного землепользования за № 107 от 12.12.2000 года, выданный на имя **Оспанова Абдрахмана Махамбетовича**, по адресу: пос.Сары-шаган, ул.Балхаш, д.38.

Аттестат о среднем образовании на имя **Еримбетовой Гулмиры Балтабаевны**, выданный средней школой им. 60-летия Казахстана г.Приозерск (1995-2005 учебные годы.), в связи с утерей.

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ № 19/455 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.